

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

«А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті» РМҚ

Аграрлық-биологиялық
факультеті



Бекітемін

Ғылыми кеңес төрағасы

А. Дошанова

2019 ж.

26



Модульдік білім беру бағдарламасы

7M05201 Геоэкология және табиғатты пайдалануды басқару

Деңгей: магистратура (бағыт– ғылыми және педагогикалық)

Қостанай, 2019

Құрастырушылар:

Жарлыгасова Г.Д.- аға оқытушы, б.ғ.к.

Кожевников С.К. –аға оқытушы, биология магистрі

Аграрлық-биологиялық факультеттің әдістемілік кеңес отырысында қарастырылған, хаттама 24.04.2019 ж. №4

Университеттің ғылыми кеңес отырысында қарастырылған, хаттама №6
26.04.2019 ж.

Білім беру бағдарламасының паспорты

БББ коды және атауы	7M05201 Геоэкология және табиғатты пайдалануды басқару
Білім беру саласының коды және жіктелуі	7M05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика
Даярлау бағытының коды мен жіктелуі	7M052 Қоршаған орта
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы
Білім беру бағдарламасының мақсаты	
Жаһандық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде "табиғат-шаруашылық-халық" жүйесінде пайда болатын проблемаларға геоэкологиялық және ландшафтық көзқарастарға сүйеніп аумақтың жай-күйін бағалау әдістерін меңгерген жоғары кәсіби мамандарды даярлау	
Берілетін дәреже	
«7M05201 Геоэкология және табиғатты пайдалануды басқару» білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрі	
Маман лауазымдарының тізбесі	
қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың маманы; өнеркәсіптік кәсіпорындарда, ауыл шаруашылығында және экологиялық бейіндегі зертханаларда қоршаған ортаны қорғау саласындағы маман; ғылыми қызметкер, колледж оқытушысы, ұлттық парктер, қорықтар және басқа ЕҚТА маманы, экологиялық қоғамдық ұйымдардың маманы	
Кәсіби қызмет объектілері	
қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органдар; өнеркәсіптік кәсіпорындар, шаруа қожалықтары, экологиялық бейіндегі зертханалар; өнеркәсіптік кәсіпорындар, агроөнеркәсіптік кешендер, шаруа қожалықтары, полигондар, ЕҚТА, орта және арнаулы орта білім беру ұйымдары, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары, экологиялық қоғамдық ұйымдар	
Кәсіби қызмет түрлері	
<ul style="list-style-type: none">- ғылыми-зерттеушілік;- білім-беру;- өндірістік-технологиялық;- ұйымдастырушылық-басқарушылық;- есептік-жобалық	
Кәсіби қызметінің функциялары	
<ul style="list-style-type: none">- қоршаған ортаның жай-күйін талдаудың заманауи әдістерін қолдану арқылы істеу жұмыс менеджменті;- экологиялық мәселелер бойынша халыққа консалтингтік қызметтер;- іске асыруға көзделген объектілер мен іс-шаралар бойынша жобалау алдындағы және жобалау материалдарының экологиялық сараптамасын бақылау- лицензияларды, рұқсаттарды экологиялық негіздеу үшін экологиялық құжаттаманы әзірлеу сапасын бағалау;- тұрғындар арасында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;- кәсіпорындарды, құрылыстарды орналастыру, жобалау, салу, қайта жаңарту, пайдалануға беру кезінде топографиялық, гидрологиялық, климаттық, экономикалық және басқа да жағдайлардың әсерін ескере отырып, табиғи ресурстарды кешенді пайдалануды басқарушылық бағалау;- қоршаған ортаның экологиялық мониторингінің, экология саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасын тексеру;- кәсіпорындардың табиғат қорғау қызметін талдау және оны корпоративтік экологиялық менеджмент құралдарымен реттеу- экологиялық заңнаманы іске асырудың табыстылығы, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық конвенциялардың талаптары бойынша ҚР міндеттемелерін орындау;- өндіріске жобалау-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін тәжірибелік енгізу;- орта және арнаулы білім беру мекемелерінде экологиялық пәндерді оқыту.	
БББ бойынша оқу нәтижелері	
ON1 Ғылыми коммуникацияны отандық және шет тілінде жүзеге асыру	
ON2 Ғылыми танымның әдіснамасын білу; ғылыми қызметті ұйымдастыру принциптері мен	

құрылымын білу, ғылыми-зерттеу қызметінің дағдысы болу;

ON3 Әлеуметтік өзара іс-қимыл дағдыларын қалыптастыру, экологиялық заңнаманы білу және оларды қоршаған орта және тұрақты даму мәселелерін шешу үшін қолдана білу;;

ON4 оршаған ортаны қорғау бөлімінде пәндерді оқыту саласында педагогикалық құзыреттілікті қалыптастыру

ON5 Аймақтың және мемлекеттің қазіргі заманғы экологиялық мәселелерін білу, қоршаған ортаға антропогендік жүктеменің әсерін бағалау, кешенді шешімді ұсынуға қабілетті болу;

ON6 Негізгі аймақтық ластанулар мен олардың көздерін білу, олардың геосферлерде таралуын және адам денсаулығына әсерін, климаттық өзгерістерді бағалай білу;.

ON7 Ландшафттық тәсіл, эксперименталды зерттеулер негізінде экожүйелер жай-күйінің бағалау әдістерін қолдану;

ON8 Корпоративтік өнеркәсіптік экология және экологиялық менеджменттің қазіргі заманғы ұйымдастыру-басқару әдістерін білу және қолдану;;

ON9 Геожүйелердің құрылымын, аумақтың экологиялық жағдайы мен тұрақты дамуына әсер ететін факторлардың өзара әрекеттесуін зерттеу, геожүйелердің қоршаған ортаны қорғаудағы ақпараттық және компьютерлік технологиялар мен әдістердің қазіргі заманғы мүмкіндіктерін көрсету;

ON10 Тәжірибелік жұмыс барысында алынған эмпирикалық және теориялық ақпаратты жинау, талдау және түсіндіру жергілікті және өңірлік аумақтық деңгейлердегі кәсіпорындардың, өндірістердің қызметі туралы әдеби көздерді және техникалық құжаттаманы зерделеу;

ON11 Қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу технологиясын, қауіпті қалдықтарды өңдеу саласындағы қазіргі заманғы үрдістерді білу, қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу технологиясын жобалау.

Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінің (ҚР-ЖББК) біліктілік шеңберінің аясындағы екінші деңгейдегі дескрипторлар

Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін түлектер:

1) зерттеу контекстінде идеяларды әзірле және қолдану кезінде оқытылып отырған саланың озық білімдеріне негізделген осы саладағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді көрсете білу;

2) жаңа ортада, барынша кең пәнаралық контексте проблемаларды шншу үшін өз білімін, түсінігі мен қаблетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпараттық жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру;

4) мамандарға, сондай-ақ маман еместере ақпаратты, идеяны; қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді нақты және тиянақты түрде хабарлау;

5) зерделеніп отырған салада оан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болу қаблетін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді.

Білім беру бағдарласының мазмұны ғылыми-педагогикалық үшін

Модульдің атауы	Компонент цикілі (МК, ЖОО, ТК)	Пәндер	Пәннің /тәжірибенің атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Кредиттер саны	Семестр	Қалыптастыратын компетенциялар (кодтары)
Жалпы кәсіби пәндер	БП ЖООК	GTF5201	Ғылым тарихы мен философиясы (ағылшын тілінде)	Пән ғылым феноменінде арнайы философиялық талдау пәні ретінде қаралады, ғылым-негіздері мен теориясы туралы, ғылымның даму заңдылықтары мен ғылыми білімнің құрылымы туралы, мамандық және әлеуметтік институттар ретіндегі Ғылым туралы, ғылыми зерттеулер жүргізу әдістері туралы, қоғамның дамуындағы ғылымның рөлі туралы білімді қалыптастырады.	3	1	ON2
	БП ЖООК	ShT 5202	Шет тілі (кәсіби)	Бұл пәнді оқу кезінде магистрлер оқытылатын лексикалық және грамматикалық тақырыптар шегінде шет тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын меңгереді. Кәсіби қызмет саласында арнайы және ғылыми әдебиетті түсіну дағдыларын дамытуға көп көңіл бөлінеді.	5	1	ON1
	БП ЖООК	ZhMP 5203	Жоғары мектептің педагогикасы (екінші тілінде)	Педагогикалық ғылым саласы, педагогикалық заңдылықтарды және білім беру процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру (өз білімін жетілдіру), оқыту, тәрбиелеу (өзін-өзі тәрбиелеу), даму (өзін-өзі дамыту) және студенттердің белгілі бір қызмет түрі мен қоғамдық өмірге кәсіби даярлығын зерттейді.	4	1	ON2 ON4
	БП	BP	Басқару	Пән магистранттардың басқару психологи-	4	1	ON3

	ЖООК	5204	психологиясы (екінші тілінде)	ясының теориялық-әдіснамалық негіздерін түсінуін, басқару үрдістері жүйесіндегі тұлғаның рөлі мен орны туралы түсінігін береді, басқару қызметінің және басқаруөзара әрекетінің мәнін ашады. Магистранттар персоналды басқару принциптері мен әдістерін, мотивация теориясын, басқарушылық шешімдерді қабылдауды зерттейді, басқару-ортасындағы басшылық, көшбасшылық және тұлғааралық коммуникация дағдыларын алады.			
Геоэкология	БП/ТК	GZhS 5205	Геоэкологиялық жобалау және саралау	Жергілікті және өңірлік деңгейлерде кеңістіктік ауқымда қоршаған ортаға шаруашылық қызметтің теріс салдарын есепке алу және болжау үшін кәсіби білім мен іскерлікті қалыптастырады. Геоэкологиялық жобалау жұмыстарын және олардың негіздемесін жоспарлауға және орындауға, шаруашылық қызмет объектілерінің геоэкологиялық сараптамасын жүзеге асыруға, лицензиялардың, рұқсаттардың экологиялық негіздемесі үшін экологиялық құжаттаманы әзірлеу сапасын бағалауға мүмкіндік береді.	5	1	ON5 ON9
	БП/ТК	KOG 5205	Қоршаған ортаның геохимиясы	Қоршаған ортаның жай-күйін зерттеу және бағалау кезінде қолданбалы геохимия әдістерінің мүмкіндіктерін негіздейді. Химиялық элементтердің антропогендік миграциясының экологиялық-геохимиялық талдауын көрсетеді. Қоршаған ортаның ластану көздерін (шығарындылар, ағындар, қатты қалдықтар, химияландыру заттар),			ON6 ON9

				табиғи жүйелердегі (ауа, су, биогенді) элементтердің таралу көші-қон тізбектерін сипаттайды. Адам денсаулығы үшін қоршаған ортаның ластануының теріс салдарларын биогеохимиялық және гигиеналық бағалау принциптерін, әдістері мен нәтижелерін қарастырады			
	КП/Ж ООК	ShTDG 5301	Шекаралық тұрақты даму және геоэкология	Қоршаған ортаның жай-күйін зерттеу және бағалау кезінде қолданбалы геохимия әдістерінің мүмкіндіктерін негіздейді. Химиялық элементтердің антропогендік миграциясының экологиялық-геохимиялық талдауын көрсетеді. Қоршаған ортаның ластану көздерін (шығарындылар, ағындар, қатты қалдықтар, химияландыру заттар), табиғи жүйелердегі (ауа, су, биогенді) элементтердің таралу көші-қон тізбектерін сипаттайды. Адам денсаулығы үшін қоршаған ортаның ластануының теріс салдарларын биогеохимиялық және гигиеналық бағалау принциптерін, әдістері мен нәтижелерін қарастырады	5	1	ON6 ON9
Табиғи экожүйесі қорғау	КП/ТК	ТЕКВ 5302	Табиғи экожүйені қорғау және биоәртүрлілік	Тұрақты даму негізі ретінде биоалуантүрлілік өсімдік және жануарлар ресурстарының тұрақты жұмыс істеуі және пайдалануы деген түсінік қалыптастырады. Экожүйелердің биоәртүрлілігін сақтауды қарастырады. Биологиялық әртүрлілікті сақтауды ынталандырудың экономикалық жүйесін жетілдіруді көрсетеді. Биоалуантүрлілік ресурстарын экологиялық-экономикалық бағалау негіздерін және оларды теңгерімді пайдалану нормативтерін әртүрлеуді	5	2	ON7

				көрсетеді..			
	КП/ТК	ККЕР 5302	Қазақстандағы қазіргі экологиялық проблемалар	Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайларының ерекшеліктерін, олардың экологиялық бағалауын қарастырады. Қазақстан ресурстарының әртүрлілігі және оларды пайдаланудың экологиялық аспектілері. Антропогендік әсердің экологиялық салдарларына, Қазақстанның биологиялық әртүрлілігінің экологиялық проблемаларына, экологиялық ахуалға және халықтың денсаулығына, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясат пен ба- сымдықтарға, қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік басқару жүйесіне баға береді..			ON5
	КП/ТК	LEB LKK 5303	Ландшафтық экология және бүлінген ландшафтарды қалпына келтіру	Ландшафт компоненттерінің қасиеттерімен, аумақтың ландшафтық дифференциациясының жалпы заңдылықтарымен таныстырады. Ландшафт және оның негізгі бөліктері, ландшафт морфологиясы, ландшафт жіктелуі туралы түсініктерді қалыптастырады. Қазақстанның ландшафты және топырақ жамылғысын, Қазақстан ландшафтының ерекшеліктерін, ландшафтардың табиғи ресурстарын қорғауды, бұзылған ландшафттарды қалпына келтіруді, табиғи ортаны оңтайланды-рудың ландшафтық принциптерін көрсетеді.	5	2	ON7
	КП/ТК	AETD 5303	Аймақтық экология және тұрақты даму	Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайларының ерекшеліктері, оларды экологиялық бағалау туралы түсініктерді қалыптастырады. Қазақстан ресурстарының әртүрлілігі, экологиялық аспектілер және оларды пайдалану. Антропогендік әсердің экологиялық салдар-			ON5

				ларын бағалау, Қазақстанның биологиялық әртүрлілігінің экологиялық проблемалары, экологиялық жағдай және халықтың денсаулығы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясат пен басымдықтар, қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік басқару жүйесі.			
Қоршаған ортаның сапасы	КП/ТК	ГМКО S 6305	Геоэкологиялық мониторинг және қоршаған ортаның сапасы (ағылшын тілінде)	Өңірлік геожүйенің техногендік және табиғи объектілерінің жай-күйі мен өзгерістерінің өзара байланысын көрсетеді. Жергілікті және аймақтық деңгейде геоэкожүйелік (ландшафтық-экологиялық) мониторингтің ерекшеліктерін зерттеуге және аймақтық қоршаған ортаның сапасын бағалауға мүмкіндік береді.	5	3	ON9
	КП/ТК	КОКА Т 6305	Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық технологиясы (ағылшын тілінде)	Қоршаған ортаны қорғаудағы информатиканың рөлін көрсетеді: қолда бар тәсілдер мен ақпараттық технологиялар. ҚО қорғауды басқаруды қорытады: ақпараттық процестердің негізгі ұғымдары, құрылымы мен ерекшеліктері, ҚОҚ басқару жүйесіндегі ақпараттық ағындар, ақпараттық ағындардың жіктелуі, ақпараттық технологиялардың даму үрдістерін, деректерді электрондық жинау жүйесін, Ақпараттық технологиялардың даму үрдістерін, деректерді электрондық жинау жүйесін, ҚО жай-күйінің кешенді көрсеткіштерінің жүйесін құруды және табиғат пайдаланушылар тарапынан оған әсер етуді қарастырады			ON9
	КП/ТК	GA-ZHEK 6306	ГАЗ және экологиялық картографиялау (екінші тілінде)	Растрлық және векторлық кесте, географиялық бөлінген деректер түрлері туралы хабарлайды. ГАЗ-да карталарды әзірлеу технологиясын ашады. Деректерді	5	3	ON9 ON10

				жинаудың тех-никалық құралдарын, кеңістіктік деректердің инфрақұрылымын жинақтайды, сондай-ақ нақты экологиялық міндеттерді шешу үшін ГАЖ қосымшаларын бағалайды			
	КП/ТК	ЕВАТ 6306	Экологиялық биотехнологиядағы ақпараттық технологиялар (екінші тілінде)	Биотехнологиядағы ақпараттық технологиялардың ерекшеліктерін талдайды. Негізгі биотехнологиялық сандық технологиялар мен аспаптарды және олармен жұмыс істеу ережелерін көрсетеді. Биотехнологиялық зерттеулердің ақпараттық және сандық технологиялармен қамтамасыз етілуінің жетістіктерін ұсынады			ON9
	КП/ТК	ККО 6307	Қауіпті қалдықтарды өңдеу	Уытты өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды, оның ішінде радиоактивті материалдар мен қалдықтарды, құрамында диоксин бар қалдықтарды өңдеу әдістерімен таныстырады. Қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру үшін шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Қауіпті қалдықтармен жұмыс жасау саласын, оның ішінде тасымалдау кезеңінде бақылауды қарастырады.	5	3	ON11
	КП/ТК	ЕК- POB63 07	Экологиялық қауіпсіз үрдістерді және өндірісті басқару	Корпоративтік экологиялық менеджменттің негізгі қазіргі заманғы тұжырымдамаларымен таныстырады. ISO 14001 халықаралық стандарттары негізінде экологиялық қауіпсіз үдерістер мен өндірісті басқару мүмкіндіктерін көрсетеді. Экологиялық менеджмент жүйесін әзірлеу дағдыларын қалыптастырады.			ON8
Тұрақты дамуы және	КП/ТК	KREZ КТТ	ҚР экологиялық заңнаманы	Экологиялық құқық көздерін көрсетеді. Экологиялық құқықтық қатынастарда	5	2	ON3

экологиялық реттеудің механизмдері		5304	қолдану теориясы мен тәжірибесі (ағылшын тілінде)	тәжірибелік дағдылар қалыптастырады. Табиғатты пайдалаудың экономикалық-құқықтық механизмі туралы ақпарат береді. Шаруашылық жүргізу кезіндегі экологиялық талаптарды қарастырады. Жекелеген табиғи ресурстардың құқықтық режимін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құқықтық режимін көрсетеді.			
	КП/ТК	TREM 5304	Табиғи ресурстардың экономикасы және менеджменті	Табиғатты қорғау іс-шараларының экономикалық тиімділігін анықтайды. Табиғат пайдалану практикасында объективті экономикалық заңдардың қолданылу механизмін пайдалану туралы ұсыныстарды қалыптастырады; табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелерін талқылайды; табиғат қорғау іс-шараларының экономикалық тиімділігін анықтау әдістемесін қолданады			ON8
	КП/ТК	ЕА-КОАЕ В 6308	Экологиялық аудит және қоршаған ортаға әсер етудің бағасы	Экоаудитке және қоршаған ортаға әсер етуді бағалаушы әдістерді, тәжірибелік дағдыларды, іс -әрекеттерді меңгеруге мүмкіндік береді. Кәсіпорындардың өмірлік циклінің жобалық және эксплуатациялық кезеңдерінде экологтың сараптамалық және кеңес беру дағдысын, ұйымдастырушылығын, басқару қабілетін қалыптастырады	4	3	ON7 ON8
	КП/ТК	КААТ D 6308	Қала және ауыл аумақтардың тұрақты дамуы (ағылшын тілінде)	Қалалық және ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту саясатын қалыптастырудың негізгі тәсілдерін көрсетеді, сондай-ақ қалалық және ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту саясатын қарастырады. ҚР қалалық және ауылдық аумақтарының әлеуметтік-			ON8

				экономикалық сипаттамаларын талдайды			
Вариативті модуль – 10 кредит 5206, 5207							
Жалпы базалық пәндер	БП/ТК	AMSh T	Арнайы мақсаттар үшін шетел тілі	Пән арнайы лексикаға бағытталған шет тілін оқытуға бағытталған. Шетелдік әріптестермен кәсіби деңгейде диалог жүргізуге, құжаттама мен іскерлік хат алмасу жүргізуге көңіл бөлінеді.	5	2	ON1 ON2 ON5
	БП/ТК	ІКТ	Іскерлік қазақ тілі	Пән магистранттардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, іскерлік қазақ тілінің грамматикасын, іскерлік қарым-қатынасқа байланысты лексикалық минимумдарды оқытуға бағытталған. Магистранттар жұмыс уақыты, жұмыс күнін қазақ тілінде жоспарлау туралы баяндамалар жасауды үйренеді	5	2	ON1
	БП/ТК	ІР	Іскерлік риторика	Бұл пән қазіргі заманғы жалпы риторика заңдарымен, коммуникативтік ынтымақтастық принциптерімен, көпшілік алдында сөз сөйлеу құрылымымен таныстырады. Магистранттар ғылыми және іскерлік коммуникацияда әр түрлі жанрлардағы мәтіндерді дайындау үшін ақпаратты жүйелеуді және жинақтауды; ғылыми және іскерлік коммуникацияда өз көзқарасын қисынды, дәлелді және анық баяндауды үйренеді.	5	2	ON1
	БП/ТК	ІВВТ	Инновациялық білім беру технологиялар	Пән жоғары оқу орнындағы білім беру ортасын технологияландыру бойынша білім мен біліктерді қалыптастырады. Магистранттар оқытудың инновациялық технологияларын, олардың жіктелуін зерттейді. ЖОО білім беру жағдайында оқытудың заманауи технологияларын таңдауға және қолдануға үйренеді.	5	2	ON3

	БП/ТК	PShN	Педагогикалық шеберлік негіздері	Пән кәсіби педагогикалық қызметке қажетті педагогикалық шеберлік негіздерін қалыптастырады. Магистранттар педагогикалық шеберлікті қалыптастыру үшін қажетті білімді меңгереді, педагогикалық жұмыстың шынайы бейнесімен бетпобет келіп оны талдауды және оны шешуді үйренеді, педагогикалық жағдайларды нәтижелі шешу тәсілдерін меңгереді..	5	2	ON3 ON4
	БП/ТК	КККР	Конструктивтік қарым-қатынас психологиясы	Пән: тұлғааралық қарым-қатынас, адам коммуникациясының ерекшеліктері, коммуникативті құзыреттілік, адамдармен қарым-қатынас барысында бір-бірін тану және түсіну, қарым-қатынас процесіндегі өзара іс-қимыл, әлеуметтік-психологиялық жанжалдың сипаттамасы мәселелерін зерттеуге бағытталған. Магистранттар конструктивті (тиімді) қарым-қатынас тәсілдері мен тәсілдерін меңгереді.	5	2	ON3
	БП/ТК	IT	Интернет технологиялары	Пәнді оқу кезінде магистранттар Интернетті құру және ұйымдастыру тұжырымдамалары мен технологияларын меңгереді. Интернет ортасында қолдану үшін қосымшаларды жобалау әдістеріне үйретеді, Интернетте іздеу технологиялармен, сервистармен және интернет технологиялардың даму жетістіктерімен тасыстырады	5	2	ON2
	БП/ТК	ZhBKT	Жобаларды басқарудың қазіргі технологиясы	Пән халықаралық және ұлттық талаптарға сәйкес жобалардың кәсіби менеджерлерін дайындауға бағытталған. Жобаларды және жобадағы жаңа үрдістер мен технологияларды басқаруды үйретеді.	5	2	ON2

	БП/ТК	РИКК	Риторика. Іскерлік қарым-қатынас	Курсты меңгеру барысында магистранттар риториканың негізгі принциптері мен әдістерін, сөйлеу мәдениетінің негіздерін, дау, дискуссияларды жүргізу әдістемесін, дәлелдерді келтіруді зерттейді. Магистранттар қажетті ақпаратты табуды, аудитория алдында сөз сөйлеуді, іскерлік келіссөздер жүргізуді, аудиториямен өзара іс-қимыл тәсілдерін зерделеуді үйренеді	5	2	ON3
	БП/ТК	ВЕР	Бұлтты есептеулерді пайдалану	Пән магистранттарда бұлтты технологиялар саласындағы білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Магистранттар бұлтты технологиялар және оларды жұмыста қолдану аспектілерін үйренеді, бұлтта, Google –да құжат айналымын қарастырады. Sky Drive (office.com) бірге жұмыс атақару үшін құралдар. Dnevnik.ru и DropBox, Яндекс. Диск. бұлтты деректер қоймасын пайдалануды үйренеді	5	2	ON2
Кәсіби практикалар	БП/Ж ООК		Педагогикалық практика	Педагогикалық тәжірибе оқыту және оқыту әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Бұл ретте магистранттар бакалавриатта сабақ өткізуге тартылады	4	3	ON4
	КП/Ж ООК		Зерттеу практикасы	Осы тәжірибе барысында магистранттар бекітіл-ген жеке жоспарға сәйкес маңызды өзектілігі мен практикалық маңыздылығымен сипатталатын ғылыми зерттеу жүргізеді. Бұл ретте магистранттарға отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық	10	4	ON2 ON3 ON5

				жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ диссертациялық жұмыс үшін тәжірибелік деректерді өңдеу және интерпретациялау, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолданудың тәжірибелік дағдыларын бекіту мүмкіндігі беріледі.			
Ғылыми зерттеушілік жұмыс	МҒЗЖ		Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Жетілдіреді, іскерліктер мен дағдыларын-өз бетінше ғылыми-зерттеу қайраткері-жаңалықтар. Ғылыми зерттеулер процесін ұйымдастыруды, жоспарлай және іске асыра алады; зерттеудің таңдалған бағытының өзектілігін негіздейді, ғылыми зерттеулерде қойылған міндеттерді шешу үшін құралдар мен әдістерді барабар іріктейді; жүргізілетін зерттеулердің нәтижелері бойынша негізделген қорытындылар жасайды және оларды ғылыми баяндамалар мен жарияланымдар түрінде ресімдейді	24	1-4	ON2 ON3 ON5
Қорытынды аттестация	ҚА		Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРК)		12	4	
				Барлығы	120		

